

Хаттама №1

Откізілген күні: 28.09.2022ж.

Откізілген уақыты: сағ.11.00

Комиссия құрамы – 7

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

1. Білім алушылардан біркелкі мектеп формасын сақтауын талап ету;
2. Мектептегі гардероб жұмысын дұрыс ұйымдастыру;
3. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
4. Білім алушылардың сабакқа жиі келмеу мәселесін қарау.

Бірінші мәселе бойынша ДТЖО А.Ажикеева сөйледі. Ол ҚР министрінің 2016 жылғы 14 қантардағы №26 бұйрығы негізінде Павлодар білім беру басқармасынан телефонограмма келгенін, онда мектепте басына кез-келген бас киімді (орамал, бандан, панама, кепкада) киіп келмеуін бақылауға алу жөнінде айтылғанын хабарлады. Сондай-ақ орта білім беру мектептерінде міндепті түрде біркелкі формада келу қажеттілігін айтЫП өтті. Мектеп формасының түсі біркелкі, классикалық үлгіде болуы тиіс.

Бірінші мәселе бойынша қамкоршылық кеңесінің мүшесі С.Сарсенбаева сөз алыш, қамкоршылық кеңесінің мүшесі ретінде бұл мәселені қолдайтынын, мектеп формасын үнемі сақтау керектігін айтЫП өтті.

Екінші мәселе бойынша ДТЖО 15 қыркүйектен бастап мектеп гардеробы жұмыс жасап жатқанын, бірақ гардероб бойынша бірнеше кемшіліктер болып тұрғанын айтты. Мысалы, оқушылар өздеріне сынып бойынша белгіленген орындарға ілу керектігін, дегенмен басқа оқушының киімін киіп кету жағдайлары кездесіп жатқанын сөз етті. Сондай-ақ кейбір оқушылардың сырт киімдері бірдей болып қалып, байқамай ауыстырып басқа оқушының курткасын киіп кететін де жағдайлар болып жатыр. Сол үшін аналарға балаларының киімдеріне аса білінбейтін белгі салып қою керектігін айтты.

Үшінші мәселе бойынша ДТЖО А.Ажикеева 2011 жылғы 25 мамырдағы №235 бұйрық негізінде білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шығарылған мектепшілік бұйрықпен таныстырып өтті. Бұйрықта білім алушылар мектепке кесетін, жыратын заттарды (кенсе пышағын, алмас, бұрыш баллондарын алыш келуге болмайтындығы айтылған. Соған байланысты мұғалімнің білім алушының сөмкесін қарап тексерे алмайтынын ескере отырып, ата-аналардың балаларының сөмкесін қарап, бақылап отыру керектігін тапсырды.

Төртінші мәселе бойынша Г.Матаева сөз алыш, оку жылы енді басталса да, кейбір оқушылардың сабактан жиі қалып жатқандығын айтты. Кейбір оқушылар сабакқа күнде кешігіп келіп жатады. Сөзінің соында ата-аналардан балаларын сабакқа уақытылы жіберіп, себепсіз қалдырмаудың сұрады.

Шешім:

1. Бірінші мәселе бойынша білім алушылардың мектеп формасында келуі бақылауға алынсын. Мектеп қабырғасында ешбір бала бас киіммен (орамал, панама, бандан, кепка, т.б.) келмесін.
2. Білім алушылардың киімдерінде белгі салынсын.

3. Білім алушылар мектепке артық заттар алып келмесін.
4. Білім алушылардың мектепке уақытылы, күнделікті келуі қадағалансын.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:



Ешенова Г.Н.



Базылбаева И.Е.